


ҒЫЛЫМНЫҢ ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗЫ

Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 120 жылдығына арналған онкүндік жалғасуда. Аталған шара аясында ұлы тұлғаның білім-ғылым, өнер саласына қосқан мол үлесі мен зор еңбегін кейінгі ұрпаққа насихаттау мақсатында мәдениет ордаларында арнайы көрмелер өтуде.

 **Нұржайна ШОДЫР**

Таяуда С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада «Ғылымның жарық жұлдызы» атты кітаптар көрмесі ашылды. Онда ұлы тұлғаның өмір өткелдері мен ғылыми еңбектерінен сыр шертетін құнды әдебиеттер, сондай-ақ, ол туралы қызықты естеліктерге толы 100-ден астам кітап қойылған. Олардың қатарында Медеу Сәрсеке, Қалмұқан Исабай, Евней Букетов, Әлкей Марғұлан, Бөпежан Аяпбергенов және басқа да белгілі қаламгерлер мен қайраткерлердің ғалым туралы жазған еңбектері бар. Сонымен қатар, көрме сөрелерінде Қаныш Сәтбаевтың балаларының да еңбектері ерекше орын алып тұрғанын атап өткен жөн.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы Мұрабек Омаров көрмені тамашалауға келген көпшілікке ғалымның отандық геология саласына қосқан өлшеусіз үлесі жайлы әңгімелеп берді. Сондай-ақ, ол білімге құштар жастарды академиктің телегей теңіз еңбектерімен жан-жақты танысып, Сәтбаевтың сара жолын жалғастыруға шақырды. Ал аталмыш кітапхана қызметкері Бақытжан Бұқашова шараға қатысушылар назарына академик жайлы қызықты деректерді ұсынды.

Ғалымның құрметіне арналып ашылған кітаптар көрмесіне келем деушілерге әрдайым есік ашық, дейді кітапхана ұжымы.

Ұлтымыздың ұлы перзентінің 120 жылдығына орай Г.Н.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінде де көрме ұйымдастырылуда. Онда жерлесіміздің Қазақ КСР Ғылым Академиясының толық мүшесі



болғанын айғақтайтын құжатының көшірмесі, 1957 жылы музей директоры Дмитрий Багаевқа жазған хаты, өз заманындағы геолог және гидролог ғалымдармен бірге түскен тарихи суреттері, зерттеген түрлі минералды тастардың бөлшектері, басқа да қызықты деректер қойылған.

- Музейде Қаныш Сәтбаев жайлы мәліметтер, кітаптар баршылық. Біз жыл сайын тың деректермен толықтырып отырамыз. Сонымен қатар, алдағы уақытта жараты-

лыстану музейі ашылатын болады. Соған байланысты акция ұйымдастырудамыз. Болашақта музей қоры ғұлама ғалым жайлы тың дүниелермен, геология-минералогиялық жәдігерлермен толыға түседі деген үміттеміз, - дейді аталған музей директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы Гүлжайнат Әлиева.

Тау тұлғаның 120 жылдығына арналған көрмелер өңіріміздегі өзге де мәдениет орындарында көптеп өткізілуде.